

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Есірткі-заман кеселі

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.10.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/108493/>

Қызылорда ОПД ЕҚҚҚБ тарапынан жарияланған байқауға



Қызылорда қаласы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық

*жоғары колледжі 2 курс студенті**Дастанбаева Әсел Анарбекқызы*

Қазіргі таңда есірткі адамның жанымен тәнінің саулығына қауіп төндіретін химиялық дәрі дәрмек болудан әрі асып, ол мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне төнген әлеуметтік қоғамдық қатерге айналып отыр. Біздің әлеміміздегі стратегияға қандай зат айналды? Осы сұраққа жауап берсем. Қазіргі жағдайда өздеріңіз білетін — есірткі, яғни «Нашақорлық» басты әлеміміздің проблемасы. Нашақорлық-наркомания (грек тілінен нарке – мелшию және mania – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру. Нашақорлық аса қауіпті де қасіретті дерт. Адамның әрекеттерінде, ойсезімдерінде өзгерістер тудыратын табиғи немесе синтетикалық заттарды “есірткі” деп атаймыз. Бұл дегеніміз–табиғи немесе жасанды түзілген, адамның сана-сезіміне өзгерістер әкелетін химиялық қоспалар, яғни психикалық белсенді заттар. Бұлар мидың қажетті нерв жүйесіне химиялық қозғау салу арқылы жауап ретінде психоэмоциялық рахат, ләззат сезімін тудырады немесе әлдебір қалыпсыз ауытқулар алып келеді. Бұл қоспалардың адам ағзасын өзіне тәуелді ету мүмкіндігі өте жоғары. Есірткінің кейбір түрлерін бір рет қолданған кісі оған өмір бойы тәуелді болады. Әсіресе, жүйке жүйесі әлі толық қалыптасып бітпеген жасөспірімдерге өте зиян.

Есірткінің кесірінен адам үлкен бір дертке ұшырайды. Биологиялық тұрғыдан алсақ есірткі-өлімге апаратын, өте зиянды зат. Есірткі зат алмасу процесіне еніп, бірінші серотонин өндіріп шығаратын ми жасушаларын өлтіреді. Серотонин мидың көңіл-күй өзгерісін қадағалайтын зат. Бұл адамды бәсең және селсоқ етеді. Иммундық жүйе зардап шегеді. Сондықтан адам ағзасы әртүрлі жұқпалы індетке қауқарсыз келеді.

Нашақорлық қоғамымыз үшін қайғы-қасірет. Осы нашақорлыққа жастар қалай алданады екен? Оның бірнеше себептері бар:

- Білімсіздік: есірткінің қаншалықты қауіпті екендігін білмеу және бұл мәселеге жеңілтектікпен қарау.
- Қызығу: қызығушылықтың туындауына көбінесе айналасындағылар мен бұқаралық ақпараттар себеп болады.
- Ойын-сауық орындары: дискотека және басқа да ойын сауық орындары «ақ өлім» диірменінің құралдары мен қақпаны болып табылады. Ол жерге кірген адамның диірменнен өту ықтималы өте үлкен болады.
- Қысым: жаман достардың қысым жасауы.
- Әуестік: бір рет көрейін, сосын тастаймын деп ойлау. Бір рет немесе екі-ақ рет

көрудің өзі адамды қайтпас жолғасалуға жеткілікті болады.

- Мода: айналасындағыларға еліктеу. Қоршаған ортасы бұзық болса, жаман әдеттердің жұғуы оңай. Жастардың қауіп-қатерді жақсы көруі, жыныстық бұзылу, өзін-өзі көрсету, күшін дәлелдеуге тырысу, генетикалық құрылымының есірткіге бейімдігі, иманның әлсіздігі, нашар отбасы және бұзық қоғамнан туған сенімсіздік, болашақ туралы уайымның адамды жалғыздыққа итермелеуі, жоқшылықтың өзін-өзі өлтіруге итермелеуі, байлықтың масаңдатуы, мемендік есірткіге итермелейтін негізгі себептер болып табылады.

Қалыптасқан ахуал тиісінше мемлекеттен халықтың психикалық және тән саулығын есірткінің бекіген толқынынан қорғауға бағытталған нақты пәрменді шаралар қабылдауды талап етеді. Қазақстан Республикасында есірткінің таралуы мен оларды теріс пайдалануға байланысты тіркелген құқық бұзушылық санының өзгеру серпіні олардың ұдайы өсуін айқын көрсетіп отыр. Бұдан басқа, есірткіні жүйелі пайдаланатын адамдар саны да көбеюде. Бұл факторлар Қазақстандағы экономикалық және әлеуметтік ахуалға теріс әсер етеді және үрей туғызады. Осыған байланысты есірткі айналымына бақылауды одан әрі күшейту, есірткінің теріс пайдалануға қарсы іс-қимылға мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін жандандыру мақсатында ҚР-сы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетін нығайту мақсатқасай келеді. Есірткінің мемлекеттегі заңсыз айналымы проблемасы жалпы ұлттық сипат алып отыр, өйткені халықтың барлық жігі, соның ішінде балалар да тартылған. Есірткі, психотроптық, улы заттарды және прекурсорларды заңсыз айналымға түсіргені үшін жауапкершілік сол заттарды дайындауға пайдаланатын құрал-жабдықтар үшін жауапкершілік белгілейтін заңдарды біркелкі қолдануды қамтамасыз ету мақсатымен және осы категориядағы істер бойынша сот әділдігін жүзеге асырудың сапасын көтеруді көздеі отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Есірткі, психотроптық заттарды және оларды дайындауға немесе қайта өңдеуге пайдаланылатын заттарды (прекурсорлар), 2002 жылғы 8 тамызда күшіне енген «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар тізіміне» енгізілген заттар үшін ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын түсіндіру керек. Есірткі немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатын көздемей шағын және ірі мөлшерде заңсыз иемденіп алуда, сақтауда, тасымалдауда қылмыстық жазалауға жататын әрекет белгілері болмайды. Көрсетілген әрекеттерді жасауға кінәлілер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 320-бабының негізінде әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Елімізде есірткілерді заңсыз айналымға енгізумен күресетін кәсіпкерлер потенциалы мемлекеттік арнайы құрылымдарда ғана емес, сондай-ақ ғылыми шеңберде де өсіп келеді. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау,

сатып алу сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің қарастырылған. Атап айтқанда, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және сол тектестерді заңсыз дайындау, қайтаөңдеу, сатыпалу, сақтау, тасымалдау жауапкершілігі енді жекелеген қылмыстық құқықтық нормаларда көзделген (ҚР ҚК 296 және 297-баптары).

Есірткі — қармағына бір іліндірген соң, торға түскен балықтай қанша бұлқынғанмен, қайтып құтылу екі талай — кесел. Әсіресе, жастарды көктей орып, жуадай солдыратын пәленің нақ өзі — сол көкнәр, апиын, наша тарту деп аталатын есірткі құмарлық. Есірткінің әлемнің көп елдеріне жайылып, жасырын бизнестің ең қауіпті түрінеайналуы қазіргі кездің ең өзекті проблемаларының бірден бірі. Сондықтан болса керек, Мемлекетіміздің тұңғыш басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Бүкіл дүниежүзілік Саммитте Орта Азиядағы есірткі бизнесіне жүйелі түрде қарсы іс-қимыл жасау мақсатында БҰҰ бағдарламасын әзірлеуді ұсынып сөз сөйлеген еді. Елімізде өткен жылы нашақорлыққа байланысты 9 мыңнан астам қылмыс тіркеліп, 20 тоннадан астам есірткі айналымнан алынған. Жалпы өткен жылы сондай-ақ есірткіні мөлшерден артық қолданған 211 адамның көз жұмғаны да анықталып отыр. Қазақстанда нашақорлық дертіне шалдыққан 52 мыңнан астам адамның 60 пайызы 30 жасқа дейінгі азаматтардан тұрады. Мемлекеттік емес ұйымдардың жүргізген сауалнамасы бойынша, елімізде әрбір оныншы адам өмірінде бір рет болса да есірткі пайдаланған көрінеді. Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымға шығуына қарсы күрес күні бұқаралық қоғамға қазіргі уақытта есірткі мәселесіне баса аударуға себепші болып отыр. Нашақорлық – әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті. Жер бетінде миллиондаған өмірлерді алып кетіп жатқан бұл ауру әлемдік трагедия, өз ауқымы жағынан дүниежүзілік соғыстармен тең. Бүкіләлемдік дертке арнайы мамандар ғана емес, планетамыздың әрбір тұрғыны қарсы күрес жүргізе білгенде ғана мәселенің шешімі табылмақшы. Сондықтан да, сіз болып, біз болып салауатты өмір салтын қалыптастырайық!

#есірткігеқарсыбайқауы #антинаркотическийконкурс

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Боранбаев, Е. Есірткі елді бүлдіреді [Текст] / Е. Боранбаев ; сұхбаттасқан А.Шахин // Заңгер. 2014. №6. С. 33-35 б. (Правовая доктрина. Юридическое общество).
2. Еңсебаева, Г. Есірткі заттарын заңсыз тасымалдау трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың көрініс нысаны [Текст] / Г. Еңсебаева // Заң. 2012. №12. С. 26-29.
3. Қаржасова Г.Б. Есірткі заттары немесе психотропты заттардың заңсыз айналымы жайлы кейбір мәселелер. “Теоретико-правовые и

правоприменительные вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в условиях четвертой промышленной революции” атты конференциясы 16.04.2018ж ҚҚЭУ.

4. «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар тізімі» 2002 жылғы 8 тамызда күшіне енген қаулысы.
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілде <http://www.zakon.kz/>. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 03.07.2014ж. № 226. (соңғы өзгерістер ҚР 21.01.2019 № 217-VI заңымен енгізілді).

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.